

«Сазген» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС

**Менгеруші жанындағы
кеңес хаттамасы**

2023-2024 оқу жылы

Менгеруші жсанындағы кеңес

ХАТТАМА

11.09.2023жс

Ш.Ділдәбеков е/м

Катысқандар: -10

Менгеруші жсанындағы кеңестің №01 отырысы

Күн тәртібінде:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы (шолу тексерудің қорытындысы)
2. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы. Таңғы жаттығуды жасалуына бақылау.
3. Топтардың санитарлық жай күйі.
4. Балаларды балабақшадағы мінез-құлықты қалыптастыруға дағдыландыру жолдары.
5. «Тіл апталығы», «Алтын күз» мерекесі жоспарын бекіту.

1. Сөз сөйлемді: балабақша менгерушісі: Э.Раймкулова 2023-2024 жаңа оқу жылына барлық топтардың дайындығын көріп тексеріп шықты. Әдіскер: Э.Раймкулова барлық топта жаңа оқу жылына керекті жабдықтардың бар екенін әр топта сабак өтүге арналған бес білім дағдысы бойынша көрнекіліктер, сурет салуғ керекті материалдар жұмыс жүргізу үшін жеткілікті екенін айттып өтті. Топта табиғат бұрышы, денсаулық бұрышы, кітап бұрышы тиісті деңгейде жабдықталған. Ұлттық құндылықтарда өз деңгейінде жабдықтаған.

2. Тындалды: балабақша медбикесі: А.Сагиндыкова балаларға берілетін тамақтардың сапасын бес күн бойы түрлі тағамдар бірінші тамаққа сүйық тамақ, екінші тамаққа қою тамақтар берілетінін тамақта бала бойына қуат беретін дәрумендер бар екендігін айттып өтті. Балаларға түрлі кампот, какао, сүт шай, кисель т.б сусындар берілетінін атап кетті. Балалар күніне үш мезгіл тамақтанады. Таңғы асқа түрлі дәруменге бай каша, шәй, нан беріледі.

Тұсқі асқа бірінші, екінші тамақ және шәй мен нан беріледі. Ал, түстен кейінгі асқа самса.бауырсак, булочка т.б дәмді сусындар беріледі. Таң ертең тәрбиешілер балаларды қабылдаپ күн тәртібі бойынша таза ауада жаттығу жасайды, тазалықты сақтап топқа ретімен тәрбиешінің нұсқауымен кіреді. Әдіскер Эльмира апаймен медбике Айсұлу апай таң ертеңгі жаттығудың жасалуын күнделікті бақылап отыратынын айтты. Әдіскер Э.Раймкулова таң ертеңгі жаттығуды күнде түрлі бағытта жасауды тапсырды. Тәрбиешілер келісті.

3. Тындалды: медбике А.Сагиндыкова 2023-2024 оқу жылының басынан бастап әр топта санитарлық жағдайдың мұқият қарастырылғанын айттып өтті. Әр топта қол жуғыштардың жұмыс жасап тұрғанын жылы су ағып тұрғанын, қол жуу үшін сабындар бір реттік сұрткіштер сонымен қатар әр баланың жеке өзіне арналған сұлгілер бар екенін айттып өтті. Әр балаға жеке ыдыстар қасық,шанышқы, тәрелке, кесе жеткілікті екенін ыдыстар гигиеналық талапқа сай жуылатындығында ескертті.Балалардың жатын бөлмесінде жамылғылар жиі таза жамылғыға ауыстырылып тұратындығын айтты.

4. Сөз сөйлемді: әдіскер: Э.Раймкулова балабақшамызға ата-аналар балаларын жақсы білім алсын,тәрбиеленсін деп береді. Түптеп келгенде баласын тазалыққа,ұқыптылыққа үйрету үшін әкеледі. Біз баланы балабақшага қабылдаپ алғансон алабақшадағы міnez құлқын қалыптастыруымыз керек. Балабақшада міnez құлқыты қалыптастыру дегеніміз-балаға өз-өзіне қызмет етуді үйрету, досына адал болып көмектесуі, тазалықты сақтай білуі сонымен қатар әдептілікке баулу, тамақта төкпей ішуге,қасықты он қолымен тұра ұстауға үйретудің бәрі балабақшадағы міnez құлқыты қалыптастыру болып табылады деп – түсіндірді әдіскер: Э.Раймкулова, тәрбиешілер әдіскердің сөзіне келісті.

5. Сөз сөйлемді: балабақша менгерушісі: Э.Раймкулова ертеңгілік өткізер кезедегі балалардың өмір қауіпсіздігі сақталуы керектігін тапсырды. Әдіскер Э.Раймкулова барлық тәрбиешілерге алдағы өткізіетін тіл мерекесін ашық сабак түрінде өткізууді тапсырды. Тәрбиешілер келісті. Ал алтын күз ертеңгілігін түрлі әндермен, әсем билермен балаларға күз туралы тақпақ айтқызып ерекше қойылымдармен ата-ананы қонаққа шақырып өткізууді тапсырды. Ертеңгіліктің жоспары түзіліп талқыланып нақтыланғансон менгерушіге бесіттіріледі. Тәрбиешілер келісті.

Шешім:

1. Жаңа оқу жылына сай барлық топ жабдықталсын. Топ бұрышы әрі қарай тәрбиеші идеясымен безендірілсін.
2. Тамақ сапасы ұқыпты тексерілсін және балаларға таң ертеңгі жаттығу барысы қадағалансын.
3. Барлық топта санитарлық талапатар сақталсын медбике тарапынан күнделікті қадағалансын.
4. Балабақшаға жаңадан келеген баланы ерекше көңіл бөліп ортага бейімделуге жағдай жасасын. Тәрбиешілер
5. Тіл мерекесі және ертеңгілік өз уақытында сапалы өткізілсін. қауіпсіздік сақталсын.

Б\б әдіскері:
Хатшы:



Менгеруші жсанындағы кеңес

ХАТТАМА

11.11.2023ж

Ш.Ділдәбеков е/м

Катысқандар: -10

Менгеруші жсанындағы кеңестің № 02 отырысы

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңестің шешімінің орындалуы
- 2.Күн тәртібінің сақталуы және серуеннің дұрыс ұйымдастырылуы. Бақылау.
- 3.Балабақшада тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынасты талқылау. Түсіндіру жұмыстары.
- 4.Балабақшада топ бөлмелерінің тазалығы мен мерекелерге сай безендірілуіне бақылау.

1. Сөз сөйледі: балабақша әдіскері: Э.Раймкулова өткен кеңестің шешімдері бойынша барлық топтарда санитарлық талаптар сақталу шаралары жүргізілгенін сонымен қатар тәрбиешілер балаларға жоспар бойынша ертеңгіліктермен мерекелі іс-шараларды өз уақытында қауіпсіздікті сақтап жүргізгендігін мәлімдеді. Таңғы жаттығулар өз уақытымен, түрлі тәсілде жасалынып жатыр- деп мәлімдеді.

2. Сөз сөйледі: 2023-2024 оку жылындағы күн тәртібі өз деңгейінде сақталып жұмыс жүргізілуде тәрбиешілер ата-аналармен кезедсіп балалардың көңіл –күйі мен денсаулығын, тазалығын сұрап ескертулермен өтініш, ұсыныстарда айттылды. Балаларды жылдық жоспар бойынша серунге шығарады. Серуенге шыққанда такырып бойынша балаларға білім береді. Балаларды ұқыптылыққа, әдептілікке баулыды. Серуенге шығару барысында балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығы жіті қадағаланады.

3. Сөз Сөйледі: балабақша менгерушісі: Э.Раймкулова және әдіскер: Э.Раймкулова тәрбиешілерге балалармен жұмыс жүргізген кезде жәймен сөйлесуге, әр баланың пікірін мұқият тыңдалап дөрекі сөйлемеу керектігін айттып өтті. Баланы ұрып, ұрсып қорқытып тәрбиелеу тәрбииешіге жат қылық

болатынын айтып түсіндірді. Сонымен қатар тәрбиеші эика-эстетиканы сақтап ата-анамен жылы қарым-қатынаста болуы керектігін айттып түсіндірді. Менгеруші тәрбиешіге ақыл мен сабыр тілейтінін айтты. Тәрбиешілер келісті.

4. Сөз сөйлемді: балабақша медбикесі: А.Сагиндыкова барлық топтың тазалығы талапқа сай орындалып жатқандығын әр топта жеке сұйық сабындар, әр балаға бөлек гаршоктар хлорлы сумен жуылып тазартылып жатқандығын сонымен қатар топ бөлмесіндегі ойыншықтар, шкафттар өз уақытында тазаланып жатқандығын мәлімдеді. алда келе жатқан мерекелерге орай барлық топ өз деңгейінде сапалы безендіріліп жатқандығын әдіскер толықтыра кетті.

Шешім:

1. Әр тәрбиеші күн тәртібімен тиісті деңгейде жұмыс жасасын, балаларды серуенге шығаруда өмір қауіпсіздігі сақталсын.
2. Әр тәрбиеші ата-анамен балаға қарым-қатынас жасауда педагогикалық әдепті сақтасын.
3. Барлық топтың тазалағы өз деңгейінде қадағаланып мерекелік безендірулер жүзеге асырылсын.

Кенес төрайымы:

Кенес хатшысы:



Менгеруші жсанындағы кеңес

ХАТТАМА

05.12.2023жс

Ш.Ділдәбеков е/м

Қатысқандар: -10

Менгеруші жсанындағы кеңестің № 03 отырысы

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен жиналыстағы қауылардың орындалу туралы.
- 2.Құқықтық оқыту жұмысының барысы.
- 3.Күн тәртібінің орындалуы.
- 4.Салауатты өмір салтын ұстану жұмыстарына жалпы кеңестер, жоспарлар.
- 5.Тәуелсіздік мерекесіне арналған іс- шаралардың өткізілгендердің туралы.
- 6.Жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау және ұйымдастыру.

1.Сөз сөйлемді: балабақша әдіскері: Э.Раймкулова өткен кеңестің шешімі бойынша барлық тәрбиешілер күн тәртібіне сай жұмыс жүргізіп жатқандығын айтты. Сонымен қатар балаларды жоспар бойынша серуенге шығарып оларың қауіпсіздігі толықтай медбике және тәрбиешілердің қадағалауында болды. Балалардың денсаулығы үшін олардың жатын бөлме, ойын бөлме және ас ішер кездегі гигиеналық тазалығы күнделікті қадағаланып жатқандығын айттып өтті. Алда болатын мерекелік іс-шаралар, ертеңгіліктерге дайындық жүріп жатқандығын тәрбиешілер балаларды ән-биге дайындал жатқандығын, топтарды безендіру жұмыстары алдағы уақытта тәуелсіздік мерекесінен кейін жүргізілетінін мәлімдеді.

2.Сөз сөйлемді: балабақша әдіскері: Э.Раймкулова қазан айында тәрбиеші А.Тәттібай «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» жалпы құқықтық оқыту жүргізді. Желтоқсан айында тәрбиеші: Ж.Сәңгілова «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы заң аясында балабақшаның барлық қызметкерлеріне баяндама оқып қызметкерлерді заң туралы біраз мәліметтендірді.

3.Сөз сөйледі: әдіскер: Э.Раймкулова барлық тәрбиешінің көмекшілері балалардың келу уақытынан жарты сағат алдын келіп тазалық жұмыстарын жүргізіп, топ бөлмелерінің ауасын тазартып қоятындығын айтты. Күн тәртібі бойынша ата-аналармен жылы қарым –қатынас жасау арқылы балалардың жағдайын сұрап оарды қабылдап алып қалады. Таң ертең балаларды қабылдар алдында медбике жеке бас тазалығын, дене қызуын өлшеп, тексерип қабылдайтынын айтты. Күн тәртібіне сәйкес балаларға таңғы жаттығу мен шаттық шеңбері жасалады. Балаларды көтерінкі көңіл-күймен таңғы ас ішуге отырғызады.

4.Сөз сөйледі: балабақша медбикесі: А.Сагиндыкова және әдіскер: Э.Раймкулова бірге салауатты өмір салтын ұстану адам баласының өмірінде ең басты орында тұру керектігін ескеptіп балаларға мүмкіндігінше жиі спорттық шаралар ұйымдастырып спортқа деген қызығушылығын арттыру керектігін, спортпен құнделікті шұғылдануға дағыландыруды айтты. Жылдық жоспар бойынша өткізілген спорттық шара «Жемқорлықсыз болашак» атты спорттық іс-шара барлық топта жақсы деңгейде өткізілгенін сол сияқты көптеп өткізу туралы түрлі кеңестер ортаға салынды. Педагогтардың ұсынысы бойынша спорттық шараларды көктем, жаз, күз айларында көбірек өткізуді ұсынды. Көпшіліктің ұсынысы макұлданды.

5.Сөз сөйледі: әдіскер: Э.Раймкулова алда «Тәуелсідік-тұғырым» атты ертеңгілікке барлық топ жоспар бойынша дайындық жүргіzetіндігін айтты. Тәуелсіздік іс-шарасында балаларға өмірі мен деңсаулығына қауіп төнбейтіндей және қолдарына сүйк қару алып ортаға шықпауы тиіс екендігін айттып өтті. Басты мақсат Тәуелсіздік құрбандарына тағызыым ету, елін жерін қорғай алатын патриот ұландарды тәрбиелеу. Сондай-ақ жаңа жыл ертеңгілігіне де дайындықты бастау керектігін айттып кетті. Барлық топтарды кіре беріс бөлмелерді жаңа жылдық мерекеге сай етіп безендіру керектігін, балаларға түрлі ән-бillerді үйретіп, тақпактар жаттату тәрбиешілер мен әдіскерге жүктелді. Эрине тәрбиешілерде дайындық барысында балаларға жіті назар аудару қажеттігін айттылды. Тәрбиешілер келісті.

6.Сөз сөйледі: әдіскер: Э.Раймкулова ертеңгіліктердің өткізілуіне орай сахнаға безендіру жұмыстары бойынша түрлі шарлар, жылтырақтар т.б. затар сатып әкелінетінін айтты. Тазалық құралдарының кем жерін тлықтырып беру керектігін медбике айттып өтті. Менгеруші жазып алды. Медбикеден құнделікті тамақ сапасын тексеріп жүруді тапсырды. Медбике келісті.

Шешім:

1. Желтоқсан айындағы ертеңгіліктер өз деңгейінде өткізілсін. Қадағалау әдіскер Э.Раймкуловаға жүктелсін.
2. Күн тәртібі бойынша таңғы жаттығулар мен сергілудерді медбике бақылауға алсын.
3. Күнделікті тамақ сапасы, меню бойынша жасалуы, топтардың тазалығы медбике А.Сагиндыкова жүктелсін.

Кеңес төрайымы:

Кеңес мүшесі:

Кеңес хатшысы:



Э.Раймкулова

Э.Раймкулова

А.Тетібай

Менгеришиң жасындағы кеңес

ХАТТАМА

01.03.2024ж

Ш.Ділдәбеков е/м

Катысқандар: -9

Менгеришиң жасындағы кеңестің № 04 отырысы

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен жиналыстағы қаулылардың орындалу туралы.
- 2.Балабақшадағы серуендер жұмысын бақылаудың жұмысы.
3. 8 наурыз, Наурыз мерекелеріңіз сценарилерін бекіту.
4. «Коммуникация» білім беру дағдысы бойынша инновациялық технологияларды қолдану денгейі

1.Сөз сөйлемді: балабақша әдіскері: А.Айтжанова өткен кеңестің шешімі бойынша барлық тәрбиешілер күн тәртібіне сай жұмыс жүргізіп жатқандығын айтты. Сонымен қатар балаларды жоспар бойынша серуенге шығарып оларың қауіпсіздігі толықтай медбике және тәрбиешілердің қадағалауында болды. Балалардың денсаулығы үшін олардың жатын бөлме, ойын бөлме және ас ішер кездегі гигиеналық тазалығы күнделікті қадағаланып жатқандығын айттып өтті. Алда болатын мерекелік ішараалар, ертеңгіліктерге дайындық жүріп жатқандығын тәрбиешілер балаларды ән-биге дайындал жатқандығын, топтарды безендіру жұмыстары алдағы көктем уақытына лайықтам безендіру жұмыстары жүріп жатқанын мәлімдеді.

2.Сөз сөйлемді: әдіскер: А.Айтжанова Серуен- балабақшада бала әрекетін ұйымдастырудагы күн тәртібіндегі негізгі сәттердің бірі. Серуеннің мақсаты – бала денсаулығын нығайту, шаршаудың алдын алу, денесін шынықтыру, түрлі әрекеттер мен өзгерістерді реттеп қалыпқа келтіру. Көтемгі серуенге балабақша ауласын ересек топтар бұтақтардан, қоқыстан тазалау балаларды тазалықта, еңбекке баулу. Бұданда басқа балабақша ауласындағы көк шөптерді жулу арқылы жәнеде жерде өскен гүлдерді теру арқылы балаларды

табиғатты сүйюге үирету. Тәрбиешілерге серуенге қатты көніл бөлуге және де серуенге бөлінетін уақытты тиімді әрі қызықырақ етіп өткізуге тақырыптарыңыз көкемгі және джазғы серуенге сай алып балалармен жұмыс жүргізуі тапсрыды. Балабақша мейірбикесіне серуен кездегі балалардың киәімдері мен тазалықтарына қарау және ата аналармен тығыз байланыста болыңыз деп тарсырды. Тәрбиешілер мен медбике бір ауыздан келісті.

3. Сөз сөйлемді Балабақша әдіскері: А.Айтжанова 8 наурыз мерекесінің өтілуіне тоқталды. «Ақ көгершін» тобы аналар күніне арнап «Анашым-жан шуағым» атты ертеңгілікке дайындық жүріп жатыр. Ертеңгіліктің сценариімен таныстым. Эн, би жақсы мерекеге сай, таңдалынып алынған. Балаларға үйге тапсырмалар берілді. Аналар күніне орай тақпактар, әндер берілді. Сондай ақ, Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамының да сценарийі дайындалып жатыр. Әр топ салт дәстүрдің түрлерін бөліп алды дәріптеу мақсатында өткізу жоспарланып отыр. Салт дәстүрлер таныстырылады. Тәрбиеші апайларға берілді. Катысатын балдарды іріктең, дайындық жасайтынын айтты. Барлық топтарды кіре беріс бөлмелерді көкемгі мерекеге сай етіп безендіру керектігін, балаларға түрлі ән-билерді үйретіп, тақпактар жаттату тәрбиешілер мен әдіскерге жүктелді. Эрине тәрбиешілерде дайындық барысында балаларға жіті назар аудару қажеттігін айттылды. Тәрбиешілер келісті.

4. Сөз сөйлемді: әдіскер: А.Айтжанова Қазіргі заманда алға қойылып отырған маңызды мәселелердің бірі рухани ізденісі мол жас үрпақ тәрбиелеу. Білім берудің алғашқы деңгейі балабақшадан басталады. Балабақша балаға жан жақты білімді, тәрбиені беретін, ақыл ойын дамытатын қызығушылығын оятатын баланың екінші отбасы. Балабақшада жаңа технологияларды пайдалана отырып жан-жақты білімді, саналы, білім беруде жаңа міндеттер бірі – білім берудегі әдіс тәсілдер. Барлық тәрбиешілер топтарда балаларға түрлі ойын тәсілдерді қолдана отырып күн тәртібімен серуенде де түрлі ойындарда да ұйымдастырылған оку сабагында да қолданып үйлестіріп балдардың әр түрлі қырларын ашып келеміз. Әдіскер сөз сөйлемді бала өміріне немқұрайлы қарамай балаға қазіргі заман талабына сай етіп мағыналы білім беру біздің мақсатымыз. Эрине тәрбиешілерде дайындық барысында балаларға жіті назар аудару қажеттігін айттылды. Тәрбиешілер келісті.

Шешім:

1. Наурыз айындағы ертеңгіліктер мен жылдық жоспар бойынша іс шарапар өз деңгейінде өткізілсін. Қадағалау әдіскер А.Айтжанова жүктелсін.
 2. Күн тәртібі бойынша таңғы жаттығулар мен сергілulerді медбике бақылауга алсын.
 3. Күнделікті тамақ сапасы, меню бойынша жасалуы, топтардың тазалығы медбике А.Сагиндыкова жүктелсін.
 4. «Коммуникация» білім беру дағдысы бойынша инновациялық технологияларды қолдану деңгейін арттыруды тәрбиешілер мен әдіскерге тапсырды

Кеңес төрайымы:

Кеңес хатшысы:

